

Астана қаласы «І.Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК

№58 мектеп-гимназия педагог-психологтарының 2024 – 2025 оқу жылының «Психологиялық қызметтің» жылдық жұмыс жоспары бойынша атқарған МОНИТОРИНГІ мен жылдық ЕСЕБІ

2024-2025 оқу жылы

№58 мектеп-гимназия педагог-психологтарының психологиялық қызметтің 2024-2025 оқу жылында атқарған мониторингі мен жылдық жұмыстарның есебі

Психологиялық қызметтің мақсаты: Мектеп кезеңінде қолайлы психологиялық жағдай жасау және оқу процесінің барлық қатысушыларына психологиялық қолдау көрсету арқылы білім беру процесіне қатысушыларды психологиялық сүйемелдеу.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту және табысты әлеуметтену қабілетін қалыптастыру;
- оқушыларға, ата-аналар мен педагогтерге психологиялық, консультациялық көмек көрсету;
- мектептің психологиялық қызметінің жемісті қызметіне мектептің барлық педагогикалық құрамын белсенді тарту;
- білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- психодиагностикалық және психокоррекциялық жұмыстарды жүзеге асыру;
- мектепте оқушылардың қолайлы психологиялық ахуалы үшін жағдай жасау.

2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығында мектеп оқушылары арасында жылдық жоспарда белгіленген психологиялық зерттемелер, психологиялық кеңестер, психокоррекциялық - психопрофилактикалық жұмыстар және мектеп әкімшілігінің сұранысы бойынша қосымша жұмыстар офлайн форматта жүзеге асырылып отырды.

Педагог-психологтың жұмыс жоспары бойынша мына тапсырмалар орындалды:

- * Жеке тұлғаның дұрыс дамуына психологиялық жағымды ахуал жасалды.
 - * Оқушылардың психологиялық денсаулығының дұрыс қалыптасуына байланысты топтық және жеке жұмыстар жүргізілді.
 - * Мектеп дезадаптациясының алдын алу және өз ортасына тез бейімделуіне қатысты жұмыстар жүргізілді.
 - * Оқу процесіне қатысушылардың қызығушылығы мен жас ерекшеліктеріне қарай, түрлі диагностикалар мен әдістемелер жүргізілді.
 - * Оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға психологиялық көмек қажеттілігіне байланысты көрсетіліп отырды және олар кеңес беру журналына тіркелінді.
- Педагог-психологтың алдына қойған мақсаттарын орындау үшін алдымен әрбір оқушыға сынып жетекшелерімен бірлесе отырып педагогикалық-психологиялық карта толтырылды. Сол арқылы оқушының дербес өзіне тән мінез-құлқын, тәртібін, қарым-қатынасын, мектептегі оқу үрдісін, өмірінде болып жатқан өзгерістерге назар аударып, индивидуалды жұмыс жүргізу мәселелері анықталды.

Мектебімізде *7 қыркүйек күні*, қалалық жас отбасылар үшін «Жас отбасылар арасындағы неке және отбасы институтын нығайту бойынша семинар - тренинг», «Отбасы – бақыт мекені» Жас жанұяларға шаңырақ құндылықтарын насихаттап, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасты нығайту мақсатында семинар-тренингі өтті. Семинар-тренингке 1,2 сыныптың 46 ата-анасы қатысты. Неке және отбасы институтын нығайтуға бағытталған іс-шарада мамандар жас жанұяларға шаңырақ құндылықтарын насихаттап, отбасы мүшелерімен қарым-қатынас, бала тәрбиесі жөнінде түсіндірді. «Семинар-тренинг барысында мектеп оқушылары және олардың ата-аналарымен бірлескен жұмыс жүргізіліп, отбасылық құндылықты насихаттау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, Отбасы күніне

орай ай бойы түсіндіру жұмыстарын жүргізілетін болады. Іс-шараларға елімізге танымал қайраткерлер мен мамандары тартылды. Бүгінгі семинар-тренингті отбасылық психолог, Астана қаласы әкімінің жанындағы Әйелдер істері бойынша комиссияның мүшесі Ақгүл Молдабекова мен қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазы өткізді», Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бас маманы, «Отбасы – бақыт мекені» жобасының меңгерушісі Балжан Қолғанат. Семинар - тренингтің басында №58 мектеп -гимназия педагог - психологі Шонаева Баян Сериковна ата-аналарға тренинг жүргізіп, психологиялық кеңестер берді.



«Әркім отбасындағы өз міндетін білу үшін де білім қажет. М.Әуезовше айтсақ, «Бір іске бейімделу үшін бірінші ниет, екінші күш, үшінші тәртіп керек». Бұл жерде «күш» деп отырғанымыз – білім. Ұйыған жанұя болу үшін әр адам өз жанының қалауын түсініп, өзін танып қана қоймай, отбасылық қарым-қатынас орната білгені жөн. Жас жұбайлардың білімдерін одан әрі толықтыру үшін осындай іс-шара ұйымдастырып отырған әкімшілікке де ризашылығымды білдіремін», - деді қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазы.

13 қыркүйек күні, «Достық татулықтан басталады» атты тренинг оқушылардың бір-бірімен достық қарым-қатынас орнатуына ықпал ету, татулық, өзара сыйластық, бірлік құндылықтарын бойына сіңіру мақсатында 1–4 сыныптардың, 637 оқушының қатысуымен топтық жұмыс, сергіту жаттығулары, рөлдік ойындар, әңгіме-сұхбат жүргізілді.

19 қыркүйек күні, «Бірінші сынып оқушыларының бейімделуі» семинар-практикум, ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру мақсатында 1 сынып ата-аналарының қатысуымен жүргізілді. Қатысқан ата-ана саны: 76. Ата-аналарға баланың мектепке оқуға тез бейімделуіне байланысты бірнеше психологиялық кеңестер берілді, ата – аналарға жадынамалар таратылды. 5 сыныпта жиі кездесетін мәселелер мен сараптау, мониторинг жүргізілді, таныстырылды. Орта буын оқушыларының бейімделуіне психологиялық дайындығы туралы ақпарат берілді. Сынып жетекшілерге, пән мұғалімдеріне психологиялық кеңестер берілді.

20 қыркүйек күні, 5-сынып жетекшілерімен «Оқушылардың орта буынға бейімделуін қолдау» тақырыбында тренинг өткізілді. 5 сыныпта жиі кездесетін мәселелер мен сараптау, мониторинг жүргізілді, таныстырылды. Орта буын оқушыларының бейімделуіне психологиялық дайындығы туралы ақпарат берілді. Сынып жетекшілерге, пән мұғалімдеріне психологиялық кеңестер берілді.

26 қыркүйек күні, ата-аналарға психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстарын жүргізу мақсатында, ағартушылық бағытында «Жалпы мектепшілік, жасөспірім ерекшеліктері» тақырыбында ата-аналарға арналған топтық кеңестер берілді, оның ішінде ата –аналарға «Менің балам жасөспірім болады» тақырыбында кеңес беру жұмысы жүргізілді. Презентация, бейнероликтер көрсетіліп, ата-аналардың қойған сұрақтарына жауап берілді.

26 қыркүйек күні, 7 сынып оқушыларының қатысуымен «Дау-жанжал емес» тақырыбында түзету – дамыту жұмысы, жанжалды жағдайларда сындарлы мінез-құлық тәсілдерін дамыту мақсатында жүргізілді.

1, 5 және 10 сыныптардағы мектеп дезадаптациясының алдын алу бойынша бейімделу кезеңін психологиялық сүйемелдеу жұмыстары

1-сынып оқушыларымен жүргізілетін психодиагностикалық зерттеу жұмыстары:

Биылғы оқу жылының I тоқсанда 1-сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындығын білу және мектеп дезадаптацияның алдын алу мақсатында сынып мұғалімдерімен балалардың психоәлеуметтік жағдайы туралы әңгімелесулер жүргізілді, ұсыныстар берілді. Жаңа жағдайға оңтайлы бейімделулерін психологиялық сүйемелдеу, көмек көрсету, мектеп дезадаптациясының алдын алу мақсатында «Балалардың мектепке психологиялық бейімделуі» тақырыбында мектеп педагог-психологтарының ұйымдастыруымен ата-аналардың, сынып мұғалімдерінің қатысуымен, жеке кездесулер өткізілді, психологиялық кеңестер берілді, ұсыныстар мен жаднамалардың таныстырылымы жүргізілді.

1-4 қазан аралығында, 1- сынып оқушыларының қатысуымен мектепке дайындық дәрежесін анықтау мақсатында Н. Нижегородцев., В. Шадриков «Мектеп суреті» проективтік әдістемесі жүргізілді. 8 – сыныптың сауалнамаға қатысқаны 158 оқушы. Жаңа жағдайға оңтайлы бейімдеулерін психологиялық сүйемелдеу, көмек көрсету, мектеп дезадаптацияның диагностикасы жүргізілді. Жүргізілген проективтік әдістеменің нәтижесінде:

1.1 «А» сынып Мұғалімі: Маханова Ұ.Е.

Барлық қатысқаны 22 оқушы. Оның ішінде 4 оқушы жоғары, 11 оқушы орташа, 6 оқушы орташадан төмен, 1 оқушы төмен деңгейді көрсетті. Дайын емес 6 оқушы, 1 оқушы Қарсыбай Сүндет Молдағалиұлы ерекше көңіл бөлу қажет етеді.

Ұсыныс: Оқушылармен жеке дамыту жұмыстарын жүргізу.

2.1 «Ә» сынып Мұғалімі: Габбасова Г.А.

Барлық қатысқаны 21 оқушы Оның ішінде 4 оқушы жоғары деңгейді, 14 оқушы орта деңгейді, көрсетті. Дайын емес, ерекше көңіл бөлу қажет 1 оқушы анықталды.

Ұсыныс: Оқушылармен жеке дамыту жұмыстарын жүргізу.

3.1 «Б» сынып Мұғалімі: Ерикбаева М.С.

Барлық қатысқаны 18 оқушы. Оның ішінде 4 бала жоғары деңгей, 4 оқушы орташадан жоғары деңгей, 8 оқушы орташа, 2 оқушы орташадан төмен деңгей көрсетті. Дайын емес, ерекше көңіл бөлу қажет ететін оқушы жоқ.

Ұсыныс: Оқушылармен жеке дамыту жұмыстарын жүргізу.

4.1 «В» сынып Мұғалімі: Садық Б.Б.

Барлық қатысқаны 23 оқушы. Оның ішінде 8 оқушы жоғары деңгейді, 13 оқушы орта деңгейді, 2 оқушы орташадан төмен деңгейді көрсетті.

5.1 «Г» сынып Мұғалімі: Орынбасова А.Ж.

Барлық қатысқаны 22 оқушы. Оның ішінде 13 оқушы орта деңгейді, 6 оқушы орташадан төмен деңгейді көрсетті. Дайын емес ,ерекше көңіл бөлу қажет 3 оқушы.

Ұсыныс: Оқушылармен жеке дамыту жұмыстарын жүргізу.

6.1 «Ғ» сынып Мұғалімі: Шаткенова Р.С.

Барлық қатысқаны 22 оқушы. Оның ішінде 3 оқушы жоғары деңгей, 8 оқушы орташадан жоғары деңгейді, 8 оқушы орташа деңгей, 3 оқушы орташадан төмен деңгейді көрсетті. Дайын емес, ерекше көңіл бөлу қажет оқушы анықталмады.

Ұсыныс: Оқушылармен жеке дамыту жұмыстарын жүргізу.

7.1 «Д» сынып Мұғалімі: Жанабергенова Г.М.

Барлық қатысқаны 11 оқушы. Оның ішінде 2 оқушы жоғары, 6 оқушы орта деңгейді, 3 оқушы орташадан төмен деңгейді көрсетті.

Ұсыныс: Оқушылармен жеке дамыту жұмыстарын жүргізу.

8.1 «Е» сыныбы Мұғалімі: Жеңіс А.Б.

Барлық қатысқаны 19 оқушы. Оның ішінде 5оқушы жоғары деңгей,3 оқушы орташадан жоғары, 10 оқушы орташа деңгейді, 1 оқушы орташадан төмен деңгейді көрсетті.

Қорытынды: Барлық 1-сынып оқушылармен мектепке бейімделу деңгейі орташа. Осы аты аталған оқушылармен жеке-түзету дамыту жұмыстары жүргізілді.

7 қазан күні, «Алаңдаушылық шкаласы» Кондаш әдістемесі 7-8 сынып оқушыларының көңіл күйін, ішкі жан дүниесін, эмоционалдық жағдайын анықтау мақсатында жүргізілді. Сауалнамаға мектебіміздің 7-8 сынып оқушылары қатысты. 7сынып бойынша- 183 оқушы қатысты, 8 сыныптар бойынша- 151 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша 7 сыныпты жалпы айта кететін болсақ, 52% - депрессияны сезінбейді, 20% - жеңіл депрессивті күй, 23% - бірқалыпты депрессия, қалған 5 % - оқушыда аздап депрессияда екендігі анықталды. Енді 8 сыныпқа тоқталатын болсақ, 44% - депрессияны сезінбейді, 31% - жеңіл депрессивті күй, 15% - бірқалыпты депрессия, қалған 10 % - оқушыда аздап депрессияда екендігі анықталды. Ол оқушылармен сөйлесіп, түзету жұмыстары жүргізілді.

Қорытынды: Зерттеу нәтижесінде 7-8 сынып оқушыларының эмоционалдық жағдайлары бірқалыпты деңгейде екені анықталды. Кейбір оқушыларда жеңіл күйзеліс белгілері бар екендігі байқалды. Ол оқушылармен жеке шақыртып кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Кейбір оқушыларда сұрақты дұрыс түсінбегендіктен жеңіл күйзеліс түрлері көрсетілгені анықталды. Жалпы алғанда, депрессия шкаласы бойынша алынған мәліметтер оқушылардың психоэмоционалдық жағдайын бағалап, мектептегі тәрбиелік және психологиялық жұмыстарды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.


10 қазан күні, 32 педагогтың қатысуымен «Бірінші сынып оқушыларының сәтті бейімделуіне жағдай жасау» тақырыбындағы оқыту семинары алдын алу - ағарту жұмысы бағытында, педагогтерді психологиялық-педагогикалық ағарту мақсатында жүргізілді. Педагогтерге оқушының баланы мектептегі оқуға психологиялық дайындау бойынша кеңестер берілді. Ата-анаға баланың зейін ерекшеліктерін дамыту жайлы кеңес беру, педагогтерді психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді, психологиялық кеңестер берілді.


10 қазан күні, 1 – сынып оқушыларының қатысуымен «Адамдар мен ағаш» проективтік әлеуметтік-психологиялық әдістемесі Д. Лампен, Л. П. Пономаренко бейімделуі жүргізілді. Проективтік әлеуметтік-психологиялық әдістемесіне қатысқаны: 178 оқушы. Нәтижесінде:

№	Түсіндірме	саны	үлесі
1	Ыңғайлы жағдай, қалыпты бейімделуді сипаттайтын позициялар.	74	42.05%
2	Бұл позицияны ешнәрседен қорықпайтын, батыл мінезді адамдар таңдайды.	45	25.57%
3	Бұл позицияны қандай жағдай болмасын достарынан қолұшын аямайтын, ақкөңіл адамдар таңдайды	17	9.66%
4	Позиция сенімді адамдарды сипаттайды. Адамдар тек сіздің пікіріңізді тыңдағанын қалайтын көшбасшысыз.	16	9.09%
5	Бұл позиция орнықты жағдайды (қиындықтарды оңай өткеріп, мақсаттарға жетуді қалау) сипаттайды	7	3.98%
6	Бұл позицияны таңдау - басқа адамның ауыртпалығын көтеру қажеттілігінен шаршауды сипаттайды.	4	2.27%
7	Көңіл көтеруді ұнататын адамдарды сипаттайды	3	1.7%
8	Шаршаңқылық, жалпы әлсіздік, күштің аз болуы, ұялшақтық.	3	1.7%
9	Іштей қапаланып, үнемі уайымдап жүретін, көпшіліктің ортасында жүруді ұнатпайтын адамдар.	3	1.7%
10	Сізге адамдар көп көңіл бөледі деп ойлайсыз.	2	1.14%

№	Түсіндірме	саны	үлесі
11	Кризистік жағдайды, «тұңғыыққа құлауды» сипаттайтын позициялар.	1	0.57%
12	Оқу үрдісінен алшақтап, өзімен сырласып, өзі ғана білетін әлемде өмір сүретін жандар.	1	0.57%
Кім болғылары келеді			
№	Түсіндірме	саны	үлесі
1	Ыңғайлы жағдай, қалыпты бейімделуді сипаттайтын позициялар.	66	37.5%
2	Позиция сенімді адамдарды сипаттайды. Адамдар тек сіздің пікіріңізді тыңдағанын қалайтын көшбасшысыз.	34	19.32%
3	Бұл позицияны ешнәрседен қорықпайтын, батыл мінезді адамдар таңдайды.	30	17.05%
4	Бұл позицияны қандай жағдай болмасын достарынан қолұшын аямайтын, ақкөңіл адамдар таңдайды	20	11.36%
5	Бұл позиция орнықты жағдайды (қиындықтарды оңай өткеріп, мақсаттарға жетуді қалау) сипаттайды	4	2.27%
6	Оқу үрдісінен алшақтап, өзімен сырласып, өзі ғана білетін әлемде өмір сүретін жандар.	4	2.27%
7	Сізге адамдар көп көңіл бөледі деп ойлайсыз.	4	2.27%
8	Іштей қапаланып, үнемі уайымдап жүретін, көпшіліктің ортасында жүруді ұнатпайтын адамдар.	4	2.27%
9	Бұл позицияны таңдау - басқа адамның ауыртпалығын көтеру қажеттілігінен шаршауды сипаттайды.	3	1.7%
10	Көңіл көтеруді ұнататын адамдарды сипаттайды	3	1.7%
11	Шаршаңқылық, жалпы әлсіздік, күштің аз болуы, ұялшақтық.	3	1.7%
12	Кризистік жағдайды, «тұңғыыққа құлауды» сипаттайтын позициялар.	1	0.57%

«Ағаштағы орныңыз қайсы?» өзін-өзі бағалаудың проективтік әдістемесі





Зерттеу мақсаты:

1-сынып оқушыларының өзін-өзі қабылдауын және болашақта қандай болғысы келетінін анықтау арқылы олардың жеке ерекшеліктері мен дамуға деген ұмтылысын бағалау.

1. Өзін-өзі қабылдау ерекшелігі

Оқушылардың көпшілігі (42.05%) өздерін **ыңғайлы ортада, бейімделген** тұлғалар ретінде көреді. Бұл – олардың мектепке бейімделу үдерісі сәтті өтіп жатқанын көрсетеді.

- 25.57% оқушы өздерін **батыл, ешнәрседен қорықпайтын** тұлға ретінде қабылдайды.
- 9.66% – **ақкөңіл, көмектесуге әзір.**
- 9.09% – **көшбасшылық қабілеті бар**, өз ойын тыңдатқысы келетін балалар.
- Аз бөлігі (шамамен 5%-дан аз) өздерін шаршаңқы, уайымшыл немесе әлсіз сезінеді. Бұл оқушыларға ерекше психологиялық қолдау қажет болуы мүмкін.

2. Болашақта қандай болғылары келеді?

Оқушылардың армандары мен болашақтағы рөлі туралы көзқарастары төмендегідей:

- 37.5% оқушы **қалыпты, жайлы өмір сүруді** қалайды.
- 19.32% – **көшбасшы болғысы** келеді.
- 17.05% – **батыл және сенімді тұлға** болуға ұмтылады.
- 11.36% – **жомарт, досқа көмектесетін** адам болғысы келеді.
- Шамамен 6-7% бала оқудан алшақтап, өз әлеміне үңілуді қалайды немесе адамдардың көңілін өзіне аударғысы келеді.

3. Психологиялық тұжырым:

- 1-сынып оқушылары жалпы алғанда **позитивті өзін-өзі бағалауға** ие.
- **Көшбасшылық пен батылдыққа** деген ұмтылыс – олардың ішкі әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді.
- Бірқатар балаларда **эмоционалды шаршау немесе уайым** байқалады, бұл – мектепке бейімделу кезінде кездесетін табиғи қиындықтар болуы мүмкін.

4. Ұсыныстар:

- **Психологиялық қолдау** бағдарламасын ұйымдастыру – өзін әлсіз, шаршаңқы сезінетін балаларға бағыттау.

- **Көшбасшылық және батылдық қабілеттерін дамыту** – тренингтер, ойындар арқылы.
- **Ақкөңілділік пен достықты дәріптеу** – ұжымдық жұмыстар арқылы.
- **Эмоционалды интеллект пен өзін-өзі тану** бағытында тәрбие сағаттарын ұйымдастыру.

Қорытынды:

1-сынып оқушылары — мектеп өміріне бейімделіп келе жатқан, болашаққа үмітпен қарайтын, өздеріне сенімді болуға ұмтылатын балалар. Олардың ішкі әлеуетін дамыту – мұғалімдер мен ата-аналардың бірлескен жұмысының нәтижесі болуы керек.

Қыркүйек - қазан айларында, 5-11 сынып оқушыларының қатысуымен АСПІМ HR+ жүйесімен «Буллингті алдын алу сауалнамасы», «Бопсалауды алдын алу сауалнамасы» жүргізіліп, нәтижесі шығарылды. Нәтижесінде оқушылар мектептен буллинг көрмегендері аныталды, буллинг туралы ақпараттандырылған, көмек қаже болғн кезде байланысу тел.,номерлерінен хабардар.


5-сынып оқушыларының оқудың жаңа шарттарына бейімделу кезінде жүргізілген психологиялық қолдау жұмыстары:

Оқушылардың мектепке бейімделулерін психологиялық сүйемелдеудің негізгі мақсаты: 5-сынып оқушыларының жаңа жағдайға оңтайлы бейімделулеріне ықпал ету, көмек көрсету, мектеп дезадаптациясының алдын алу

- Қыркүйек айында ата-аналармен өткізілген «Орта буындағы алғашқы қадамдар» вебинар-жиналыста «5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу ерекшеліктері» тақырыбында слайд-презентация арқылы дәріс берілді. Ата-аналарға арналған дәрісте 5-сынып оқушыларының жаңа жағдайға оңтайлы бейімделулеріне ықпал ету, көмек көрсету, мектеп дезадаптациясының алдын алу мәселелері қозғалып, тиісінше ұсыныстар берілді.

Мектеп мазасыздығының Филлипс сауалнамасы, 5-сыныпта оқыту үрдісін ұйымдастырудың психологиялық ерекшеліктері, мектеп дезадаптациясының алдын алу, мектептегі мазасыздықты зерттеу мақсатында жүргізілді. Нәтижесі төмендегідей: Зерттелуші: кезекші топтағы 5 «А» сыныбы Сынып жетекшісі: Онор Алтынгүл Оқушылармен жүргізілген сауалнаманың мазмұны 58 сұрақтан тұрады. Әр сұраққа оқушы өз нұсқасын белгілеу арқылы жауап береді.

11 қазан күні, «Алаңдаушылығын анықтау» Филлипс сауалнамасы жүргізіліп, зерттеу жұмысы мен қатар әр сыныпқа, әр оқушыға жеке диагностикасы жасалды. 5-сыныптар бойынша қатысқаны: 191 оқушы. Білімді тексеру жағдайындағы қорқыныш-50%, әлеуметтік стресті уайымдау-30%, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас-20% екендігі анықталды. 293-оқушының ішінен 39-оқушыға түзету-дамыту жұмысы жүргізілді. Сынып жетекшілерге, мақсат-міндеттері айтылып, оқушылардағы мазасыздану жағдайын алдын-алу, өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту ерекшеліктері мен қиын кезеңдерді өтізіп жатқан оқушыларға психологиялық қолдау жұмыстары туралы айтылды. «Оқушылардың орта буынға бейімделу факторлары» тақырыбында слайд арқылы баяндама жасалып, ұсыныстар мен кеңестер берілді.



14 қазан күні, бастауыш буын оқушыларының қатысуымен 31 сынып 525 оқушы қатысты. Оның ішінде 2 сыныптардан 182, 3 сыныптардан 179, 4 сыныптардан 164 оқушыдан сауалнама алынды.

Сауалнама нәтижесі:

#		2 сынып	3 сынып	4 сынып
1	Қабылданбаған	0	4	4
2	Бейтарап	4	4	4
3	Оқшауланған	1	1	1
4	Қабылданған	58	68	53
5	Танымал	8	7	4
6	Көшбасшы	29	16	34

17 қазан күні, 6-10 сынып оқушыларының қатысуымен оқушылардың оқу мотивация деңгейін анықтау мақсатында «Мектеп мотивациясын тексеруге арналған сауалнама» жүргізіліп, нәтижесі шығарылды. Нәтижесінде, жалпы оқу мотивациясы жоғары - 42%, оқу мотивациясы орташа - 51%, төмен - 7% екендігі анықталды, оқу мотивациясы төмен оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары, психологиялық қолдау жүргізілді.

Қыркүйек, қазан, қараша айларында, баланың мектепке бейімделуіне көмектесу, жағымды мінез-құлық қалыптастыру, топпен жұмыс істей алу дағдысын дамыту мақсатында 1 "А", "Ә", "Б", "В", "Г", "Ғ", "Д", "Е" сынып оқушыларының қатысуымен «Біз біргеміз!» 3 сессия бойынша жүргізілді.

17 қазан күні, Жас мамандардың жаңа еңбек ұжымына сәтті бейімделуіне, кәсіби сенімділігін арттыруға, өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасау мақсатында «Жаңа ортаға бейімделу» атты тренинг 22 жас маманның қатысуымен жүргізілді.

8 қараша күні, «Буллинг, кибербуллинг: балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында 5-сынып оқушыларының буллинг пен кибербуллинг ұғымдары туралы түсінігін кеңейту, олардың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыру мақсатында алдын алу жұмыстары жүргізілді. Әр сатыда, көрнетін жерлердің барлығында QR код ілініп тұрғаны туралы қосымша ақпараттар берілді.

Желтоқсан айы бойы жылдық жоспар бойынша оқушыларға жүргізілген сауалнамалардың нәтижесіндегі түзету-дамыту жұмысы, психологиялық көмектеі қажет ететін оқушылармен психкоррекциялық жұмыстар жүргізіліп, бастапқы коррекциямен салыстырғанда оң нәтиже берді. Тәуекел топ оқушыларымен жеке, топтық психологиялық жұмыстар, қоғамдық жұмыстарға, іс-шараларға белсене қатыстыру жұмыстары ұйымдастырылып жүргізіліп, оң нәтиже берді.

14 наурыз күні, «1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуінің нәтижесі», 1-сынып ата-аналары, сынып жетекшілерінің қатысуымен 1-сынып оқушыларының оқу жылының басындағы мектепке бейімделу кезеңінің қорытынды нәтижелерімен ата-аналарды таныстыру, баланың әлеуметтік-психологиялық жағдайына баға беру және ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату түзету-дамыту жұмыстары, қорытынды нәтижелері, өсу динамикасымен ата-аналар мен сынып жетекшілер ақпараттандырылды.

8 сәуір күні, «4-сынып оқушыларының мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктері» ата-аналар жиналысы, оқушылардың мінез-құлқындағы өзгерістер мен ерекшеліктерді талқылау, ата-аналарды бастауыш мектептің соңғы сатысындағы

психологиялық өзгерістермен таныстыру және оларды баланың дамуын қолдауға тарту мақсатында жүргізілді. Жиналыс барысында педагог-психолог келесі мәселелер бойынша ақпарат ұсынды, 4-сынып оқушыларының жас ерекшелігіне тән мінез-құлық сипаттары туралы ақпараттар беріліп, психологиялық кеңестер берілді.

5 ақпан күні, оқушылардағы депрессия белгілерін анықтау мақсатында депрессия шкаласы (CES-DC) сауалнамасы 7-8 сынып оқушыларының көңіл күйін, ішкі жан дүниесін, эмоционалдық жағдайын анықтау мақсатында жүргізілді. Сауалнамаға мектебіміздің 7-8 сынып оқушылары қатысты. 7сынып бойынша- 183 оқушы қатысты, 8 сыныптар бойынша- 151 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша 7 сыныпты жалпы айта кететін болсақ, 52% - депрессияны сезінбейді, 20% - жеңіл депрессивті күй, 23% - бірқалыпты депрессия, қалған 5 % - оқушыда аздап депрессияда екендігі анықталды. Енді 8 сыныпқа тоқталатын болсақ, 44% - депрессияны сезінбейді, 31% - жеңіл депрессивті күй, 15% - бірқалыпты депрессия, қалған 10 % - оқушыда аздап депрессияда екендігі анықталды. Ол оқушылармен сөйлесіп, түзету жұмыстары жүргізілді. **Қорытынды:** Зерттеу нәтижесінде 7-8 сынып оқушыларының эмоционалдық жағдайлары бірқалыпты деңгейде екені анықталды. Кейбір оқушыларда жеңіл күйзеліс белгілері бар екендігі байқалды. Ол оқушылармен жеке шақыртып кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Кейбір оқушыларда сұрақты дұрыс түсінбегендіктен жеңіл күйзеліс түрлері көрсетілгені анықталды. Жалпы алғанда, депрессия шкаласы бойынша алынған мәліметтер оқушылардың психоэмоционалдық жағдайын бағалап, мектептегі тәрбиелік және психологиялық жұмыстарды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

7 ақпан күні, 9,11 сынып оқушыларыны қатысуымен кәсіби бағыттылығын анықтау мақсатында «Кәсіпті таңдау тесті» жүргізіліп нәтижесі шығарылды. Нәтижесінде, 9 сыныптар бойынша **Реалистік тип**– «Ер-азамат типі»-27%, **Зияткерлік тип** – сараптамалық ақыл-ой, ерекше тәуелсіз ой –тұжырым жасау тән - 19%, **Әлеуметтік тип** – әлеуметтік біліктілігінің айқындылығымен ерекшеленеді- 12%, **Конвенционалды тип** - құрылымы айқын қызмет түрлерін қалайды-17%, **Іскер тип**-күш-жігері ұшқыр ойлылықты-20%, **Әртістік тип**- эмоцияға, қиялға ішкі сезімге арқа сүйейді; өмір сүруге деген күрделі көзқарасқа ие-5% екендігі анықталды. 11 сыныптар бойынша **Реалистік тип**– «Ер-азамат типі»-6%, **Зияткерлік тип** – сараптамалық ақыл-ой, ерекше тәуелсіз ой – тұжырым жасау тән - 25%, **Әлеуметтік тип** –әлеуметтік біліктілігінің айқындылығымен ерекшеленеді- 10%, **Конвенционалды тип** - құрылымы айқын қызмет түрлерін қалайды- 21%, **Іскер тип**-күш-жігері ұшқыр ойлылықты-14%, **Әртістік тип**- эмоцияға, қиялға ішкі сезімге арқа сүйейді; өмір сүруге деген күрделі көзқарасқа ие-24% екендігі анықталды. Қатысушыларға психологиялық кеңестер берілді.

10 сәуір күні, «Бастапқы буын социометриясы» сауалнамасы мектептің мотивациясын анықтау мақсатында 4 сынып оқушыларының қатысуымен жүргізіліп, нәтижесі шығарылды. Диагностикаға барлығы 7 сынып 142 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі:

№		4ә	4а	4б	4в	4г	4ғ	4д
1	Мектептегі мотивацияның, оқу белсенділігінің жоғары деңгейі.	3	3	2	2	1	2	8
2	Оқудың жақсы мотивациясы.	6	4	5	11	11	10	4
3	Мектепке деген оң көзқарас, бірақ мектеп сабақтан тыс жақтарымен көбірек тартады.	7	10	5	4	8	7	7

4	Оқудың төмен мотивациясы.	0	2	9	1	2	1	1
5	Мектепке деген теріс көзқарас, мектепке бейімсіздену.	0	2	2	1	0	0	1

2 мамыр күні, 1–4 сыныптардың қатысуымен «Бәріміз біргеміз» психологиялық тренингі, оқушылар арасында достық, өзара түсіністік, ынтымақтастық қарым-қатынасты дамыту. Топпен жұмыс жасау, бір-бірін тыңдау және құрметтеу дағдыларын қалыптастыру арқылы мектеп ішіндегі психологиялық ахуалды жақсарту мақсатында 633 оқушының қатысуымен жүргізілді.

3 мамыр күні, 5 «А,Ә,Б,В,Г,Ғ,Д,Е» сынып оқушыларының қатысуымен «Біз бесінші сынып оқушысымыз: мазасыздануды қалай жеңуге болады?» тақырыбында 5-сынып оқушыларының бейімделу кезеңіндегі эмоционалдық күйзеліс, мазасыздану, қобалжу сезімдерін жеңуге көмектесу мақсатында жүргізілді. **Қолданылған әдіс-тәсілдер:** Психологиялық жаттығулар; «Мазасыздықты қорапқа сал», «Жылы сөздер бұлтты». Жеке жұмыс: Эмоциялық сурет салу: «Мен мазасызданғанда...», Әңгімелесу «Мазасыздық деген не және ол қалай байқалады?», Когнитивті жүріс-тұрыс элементтері; Арт-терапия.

15 мамыр күні, «Өмірге ИӘ деп айт!» қалалық акциясы 796 оқушының қатысуымен оқушылардың өмірге деген оң көзқарасын қалыптастыру, өмірдің маңызын түсіндіру, адамгершілік пен өмірлік құндылықтарды дәріптеу мақсатында 1-5 сынып оқушыларының қатысуымен жүргізілді. «Өмірге күлкі сыйла» сурет көрмесі «Мен өмірді сүйемін!», «Өмір – бұл бақыт!» сияқты қысқа ұрандар жазылды. «Өмірге ИӘ деп айт!» ашық пікір сағаты мен эссе жазу жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналарды қолдау бойынша жүргізілген жұмыстар, іс-шаралар бойынша ақпарат:

1. 2024 жылғы 7 қыркүйекте Жас отбасылар арасындағы неке және отбасы институтын нығайту бойынша «Отбасы – бақытты мекені» тақырыбында семинар-тренинг өтті. Шараға 1-2 сыныптың 52 жас ата-аналар қатысты.
2. 2024 жылғы 19 қыркүйегінде «Менің балам жасөспірім болады» атты ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Іс шараға мектебіміздің 537 ата-анасы қатысты.
3. 2024 жылғы 20 қыркүйегінде 1- сынып ата-аналарына «Баланың мектепте оқуға бейімделуі» тақырыбында кеңес өтті. Кеңеске 63 ата-ана қатысты.
4. 2024 жылғы 26 қыркүйегінде «Бала қауіпсіздігі – қоғам келешегі» атты Республикалық ата-аналар жиналысы өтті. Іс шара «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру мен ҰҒП институтының мамандарының қатысуымен ұйымдастырылды. Аталмыш шараға мектебіміздің 60ден астам ата-анасы қатысты.
5. 2024 жылдың 7 қарашасында «Балаға ақыл-кеңесті жылы жүрекпен жеткізу» атты тақырыпта ашық есік күні ұйымдастырылды. Ашық есіктің 2 және 3 аймағында «Балалардың пікірін тың тыңдау және оларға жауап беру тәсілі қандай?», «Ата-аналардың балалармен қарым-қатынас жасаудың тиімді жолдары» атты теринг өткізілді. Тренинге 100ден астам ата-ана қатысты.
6. 2025 жылғы 19 наурызда «Ата-аналардың балалармен қарым-қатынас жасаудағы тиімді жолдары» тақырыбында тренинг өтті. Тренинге 120 ата-ана қатысты.

Мектептегі оқуда қиындығы бар оқушылармен жүргізілген жұмыстар:

- Биылғы оқу жылында оқуда қиындығы бар 5 оқушыға педагогикалық-психологиялық мінездеме жасалып, 2 – оқушыға ПМПК-дан өтуге ұсыныс берілді. Оқуда қиындығы бар оқушылармен жұмыстар жоспар бойынша жүргізілуде.

Жалпы: 1-4 сынып - 3 оқушы, 5- сынып – 1 оқушы, 9-сынып - 1 оқушы 1 сынып -1 оқушы 2 сынып – 1 оқушы 3 сынып – 1 оқушы	НОДА (ДЦП)-1 оқушы G80.1 Спастикаческая диплегия-1 оқушы ЗПР-1 оқушы Q05.7Spina в поясничном отделе без гидроцефалии..G93.8-1 оқушы Q05.7 Spina bifida posterior...Болезненное мочеиспускание	ПМПК - 5 оқушыда Мүгедек -1 оқушы
---	---	--

5 сынып - 1 оқушы	неуточненное-1 оқушы	
9 сынып - 1 оқушы	F70.0 Дислалия Фонет-фонемат недост.-1 оқушы	

ПМПК диагнозы бойынша 5 оқушы инклюзивті білім алады. Оның ішінде №1 (1 сынып) оқушыда G80.1 Спастическая диплегия. Церебральная паралич, спастическая диплегия средней степени тяжести, №2 (2 сынып) оқушыда Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи 3 уровня. Трудности поведения. Билингвизм, №3 (3 сынып) оқушыда Q05.7 Spina в поясничном отделе без гидроцефалии..G93.8, №4 (5 сынып) оқушыда Q05.7 Spina bifida posterior...Болезненное мочеиспускание неуточненное, №5 (9 сынып) оқушыда F70.0 Дислалия Фонет-фонемат недост.

Қолданылған әдістер:

№1 (1 сынып) оқушы G80.1 Спастическая диплегия. Церебральная паралич, спастическая диплегия средней степени тяжести диагнозы бар оқушыға қолданылған әдістер:

- «Ұсақ, ірі моторикасын дамыту»
- «Ойлау- Төртінші артық, ойлан тап»
- «Зейін- Айырмашылықты тап, Үлгі бойынша орында»
- «Ес – 10 сөз, Цицирон бөлмесі, жұп сөздер»
- «Сөздік қоры, қиялы -Мәтінді аяқта, Ертегі құрастыр».

№2 (2 сынып) оқушы Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи 3 уровня. Трудности поведения. Билингвизм диагнозы бар оқушыға қолданылған әдістер:

- «Еркін тақырыпта сурет салу» әдістемесі
- «Сиқырлы шеңбер» әдістемесі
- «Графикалық диктант» әдістемесі
- ««Еркін тақырыпта сурет салу» әдістемесі
- Артық сөзді алып тастау» әдістемесі
- «Есте сақтау және нүктені орналастыр» әдістемесі
- «Отбасы суреті» әдістемесі
- «Мені қайтала» әдістемесі.

№3 (3 сынып) оқушы Q05.7 Spina в поясничном отделе без гидроцефалии..G93.8 диагнозы бар оқушыға қолданылған әдістер:

- «Еркін тақырыпта сурет салу» әдістемесі
- «Зейін- Айырмашылықты тап, Үлгі бойынша орында»
- «Ес – 10 сөз, Цицирон бөлмесі, жұп сөздер»
- «Сөздік қоры, қиялы -Мәтінді аяқта, Ертегі құрастыр».
- «Есте сақтау және нүктені орналастыр» әдістемесі
- «Отбасы суреті» әдістемесі
- «Мені қайтала» әдістемесі.

№4 (5 сынып) оқушы Q05.7 Spina bifida posterior...Болезненное мочеиспускание неуточненное диагнозы бар оқушыға қолданылған әдістер:

- «Еркін тақырыпта сурет салу» әдістемесі
- «Есте сақтау және нүктені орналастыр» әдістемесі
- «Отбасы суреті» әдістемесі
- «Мені қайтала» әдістемесі.
- «Ертегі әдістемесі»
- «Фигураларды тап әдістемесі»

№5 (9 сынып) оқушы F70.0 Дислалия Фонет-фонемат недост. диагнозы бар оқушыға қолданылған әдістер:

- «Танымдық процестерді дамыту» әдістемесі
- «Еркін тақырыпта сурет салу» әдістемесі

	Оқушы саны	1	2	3	4	5
	бағалау сипаты/ оқушы атының бас әріпі	С.А	К.А	М.Г	М.А	С.Е
I	Сыныпта өзін-өзі ұстау (мінез-құлқы)					
1	сабақтарда тынымсыз, зейіні тұрақсыз, істі аяғына дейін жеткізбейді.	1	1	0	0	0
2	тапсырмаларды бірнеше рет қайталауды және ересектің тұрақты бақылауына мұқтаж	1	1	1	1	1
3	мұғалімнің нұсқаулықтарын, талаптарын бірден емес, баяу қабылдайды. артта қалушылық. Жұмысқа бірден қосылмайды, ұзақ «ойланады».	2	1	0	0	0
4	мұғалімнің талабын, сыныптың күнделікті күн тәртібін орындамайды.	1	1	0	0	1
5	мұғалімнің фронтальды нұсқаулықтарын қабылдамайды, сынып жұмысына өз бетінше кірмейді (өзін жоқ деп санайды) және сынып тапсырмаларын ересек адамның көмегінсіз орындамайды.	1	1	0	0	1
	Жалпы балл	6	5	1	1	3
II	II. Қызмет қарқыны					
6	баяу, жайбасар, үлгермейді.	1	1	0	0	1
7	жұмыс қарқыны тұрақсыз. Тез шаршап, әлсірейді: енжар немесе керісінше, ширақ болу.	1	2	1	1	1
8	ынтамен жұмыс істемейді, көп қателіктер жібереді, сабақ барысын қадағаламайды, көп алаңдайды.	1	2	1	1	1
9	жұмыс қарқыны жылдам, бірақ ретсіз және «орынсыз» жұмыс істейді.	2	1	0	0	0
	Жалпы балл	5	6	2	2	3
III	III. Танымдық дамуы					
10	жеткілікті деңгейде зерек емес: қарапайым тапсырмалар мен сұрақтарға жауап беруге киналады.	2	0	0	0	0
11	жиі қосымша көмек пен түсіндіруге мұқтаж.	2	1	0	0	1
12	Оқу үшін білік пен дағды, қоршаған орта туралы білім көлемі жеткіліксіз.	1	1	0	0	1
13	көру арқылы ақпаратты қабылдаудағы қиындықтар: суреттен қажетті белгілерді бірден көрмейді, дәптердің, жазулардың, оқулықтың кеңістігінде нашар бағдарланады.	0	1	0	0	1
	Жалпы балл	5	3	0	0	3
IV	IV. Сөйлеу тілінің дамуы					
14	сөйлеу тілі анық емес. Дыбыс айтудың қиындықтары бар.	2	1	0	0	1
15	басқа балалармен салыстырғанда сөздік қоры аз. сөйлеудің грамматикалық құрылымында бұзылыстары бар.	2	1	0	0	1
16	айқын пікір білдіру мен әңгімелеп беруде қиындықтар бар. Бір буынды сөздермен сөйлеуге тырысады.	2	0	0	0	1
17	есту арқылы ақпаратты қабылдауы баяу, ауызша өтініштер мен түсініктемелерді түсінудің қиындықтары.	2	1	0	0	1
	Жалпы балл	8	3	0	0	4
V	V. Құрдастары және ересек адамдармен қарым- қатынасы					
18	балалардан қашады, қарым-қатынас аз жасайды, өзі жалғыз ойнауды қалайды.	1	1	0	0	1
19	балалармен көп төбелеседі, ашуланады.	0	0	0	0	0
20	Ойнай алмайды және әңгіме жүргізе алмайды.	1	1	0	0	1
21	балалармен, мұғаліммен, басқа да ересектермен қарым-қатынас жасау дистанциясын сезінуі төмен, шектен тыс қарым-қатынас жасай береді	1	1	1	1	1
	Жалпы балл	3	3	1	1	3
VI	VI. Эмоционалдық ерекшеліктер					
22	көңіл-күй аясы жоғары, көп сөйлейді, «бүкіл жерде жүреді», ескертулер мен сындарға әлсіз жауап береді.	2	2	1	1	1
23	Эмоционалық «көңіл түсуі»: жеңіл долдана қалады, қозу мен ашудан бірден жылау мен ренішке көшеді. Эмоционалды тұрақты емес болуы мүмкін: <u>ретсіз күлу</u> , <u>айқайлау</u> , <u>өзімен өзі сөйлеу</u> (қажетісін сызу қажет)	2	1	0	0	1

24	бала және ересек адаммен қатынас жасау кезінде агрессия танытады.	0	0	0	0	0
25	көңіл-күйі төмен, қорқады және алаңдайды, жылап, өз күшіне сенімсіз болады.	1	0	0	0	1
26	төмен бағаға, ескертулерге, сәтсіздіктерге адекватты емес реакция танытады: мазасыздану, айқайлау, жылау, мұғаліммен дауласу, қызметтен бас тарту (қажеттінің астын сызу)	1	0	0	0	0
Жалпы балл		6	3	1	1	3
VII	VII. Моторлық дамуы					
27	графикалық әрекеті нашар дамыған, жазуы, жазуы қисық, түсініксіз.	2	2	1	1	1
28	жалпы координациясы бұзылған, епсіз, икемсіз	0	0	0	0	0
29	еңбек және сурет салу пәнінен айтарлықтай жетістікке жетпейді.	1	1	0	0	1
30	жиі сол қолымен жұмыс жасауға құмар	1	0	0	0	0
Жалпы балл		4	3	1	1	2
VIII	VIII. Әлеуметтік-тұрмыстық дағды					
31	Өз бетінше түйме, бауды тағуда, киімді шешу мен киюде қиындықтар	1	1	0	0	0
32	Өз бетінше сабаққа дайындала алмайды: сабақ үшін қажетті дәптер, оқулық, оқу құралдарын алу.	2	2	0	0	1
33	Ұқыпты тамақтанбайды, ұқыпсыз киінеді, «лас», барлық уақытта өз заттарын жоғалтады немесе ұмытып кетеді (керегінің астын сызу керек).	2	2	0	0	0
Жалпы балл		5	5	1	1	1
34	Барлығы баллдық көрсеткіш бойынша	42	31	7	7	22

«Артық сөзді алып тастау» әдістемесі

«Есте сақтау және нүктені орналастыру» әдістемесі

«Отбасы суреті» әдістемесі

«Мені қайтала» әдістемесі

«Графикалық диктант» әдістемесі

«Есте сақтауды жақсартуға арналған суреттер» әдістемесі

Елисеева әдістемелік нұсқаулық бойынша 8 сипаттама, оның ішінде әр қайсысында 3-5 критерий бойынша бақылау парақтары толтырылған болатын. Кестеде көрсетілген.

Барлық бағалау сипаттары 33 сипаттан тұрады. Әр сипатқа максималды балл 2 болса, қорыта келе барлық сипат бойынша жалпы балл 66 екені белгілі. Демек 8 сипаттамаға Мах - 66. Мін – 0. Орташа 33 балл деп жалпылай қарастырып көрдік. Төменде көрсетілген 8 сипатқа сәйкес - 3,4,5 сипаттама берілген. Олар төмендегідей: 1. Сыныпта өзін ұстауы, мінез-құлқы - 5 сипаттама: Мін – 0-4 балл *жақсы*, *ОРТАША* – 5-8 балл, Мах – 9-10 балл *өте жоғары, нашар*.

Оқушы саны	1	2	3	4	5
бағалау сипаты/ оқушы атының бас әріпі	С.А	КА	М.Г	М.А	С.Е
I Сыныпта өзін-өзі ұстау (мінез-құлқы)	6	6	7	7	6
Көрсеткіш	о	о	ж	ж	о

Ж – жақсы көрсеткіш, О – орташа, Н – (нашар көрсеткіш)

2024-2025 оқу жылы бойынша қортыныды


«Психодиагностиканың нәтижесі»

№	Оқушының аты-жөні	Бастапқы диагностика	Қорытынды диагностика
1	Оқушы №1 С.А	57%	59%
2	Оқушы №2 К.А	30%	32%
3	Оқушы №3 М.Г	48%	51%

4	Оқушы №4 М.А	55%	58%
5	Оқушы №5 С.Б	64%	69%
Жалпы %		50,8%	53,8%

МОНИТОРИНГ

Бастапқы және қорытынды психодиагностика нәтижелері бойынша салыстырмалы даму динамикасы



Кеңес берілді: 63 оқушы, 27 ата-ана және 23 мұғалім.

Статистикалық есеп



«ЕБҚ бар балалардың жеке топтық» жоспар, бағдарламаларын бекіту.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысы жүргізілді.

«Қауіпті жағдайлар, сыпайы бас тарту»

Түзету-дамыту жұмысы: балаларды потенциалды қауіпті жағдайлар туралы ақпараттандыру, әлеуметтік дағдыларды дамыту жұмыстары жүзеге асырылды

Ата-аналармен жұмыс

1. Жалпы мектепшілік, сыныптық ата-аналар жиналысына қатысу

Профилактикалық ағартуш жұмысы: ата-аналарды оқу жылына балалармен психологиялық қызметтің алдағы жұмысы туралы хабар берілді. 1-ден 11-сыныпқа дейінгі Ата-аналар. Қыркүйек.

2. «Оқу жылының басында баланың мектепке сәтті бейімделуі».

Алдын алу және ағарту жұмысы: ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру, ақпараттандыру жұмысы өткізілді.

3. Психологиялық қолдауды қажет ететін балалардың ата-аналарымен көмек көрсету мақсатында жеке және топтық кеңес беру. Сұраныс бойынша (Үнемі) 1-9 сынып ата-аналары.
4. «Бірінші сынып оқушыларының бейімделуі» семинар-практикум. Алдын алу ағарту жұмысы: ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау, ақпараттандыру семинар-практикум ұйымдастырылды.
5. Балаларды тәрбиелеу және оқытумен байланысты ата-аналардың сұраныстары бойынша кеңес беру (жеке және топтық). Жоспар бойынша (Үнемі).
6. «Отбасындағы микроклимат және бала тәрбиесі» тақырыбындағы ата-аналарға ұйымдастырылған топтық кеңестер. Ата-аналармен психологиялық-педагогикалық ағарту жұмысы өткізілді.

Педагогтер мен жұмыс

Кабинет паспортын жасау, кабинетпен жұмыс: Қыркүйек-мамыр айларын қамтиды.

1. «Бірінші сынып оқушыларының табысты бейімделуіне жағдай жасау»

Профилактикалық-ағартушылық жұмыс: педагогтерге психологиялық-педагогикалық білім беру бағыты бастауыш сынып ұстаздармен қыркүйек айында семинар өткізілді.

2. «Орта буынға көшу кезінде бесінші сынып оқушыларының сәтті бейімделуіне жағдай жасау» оқыту семинары. 5-сынып мұғалімдерімен сұраныс бойынша.

Қорытындылай келе, инклюзивті білім алатын оқушыларға барлық психологиялық түзету жұмыстары жүргізіліп, оқу жылының аяғында өсу динамикасы байқалады. Психологиялық мәселелерді шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістері қолданылып, әр қатысушыға жеке әдістер мен психологиялық қолдау, қоғамдық іс-шараларға қатыстыру жұмыстары кешенді жүргізіліп, өз нәтижесін берді. Сонымен қатар, ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсетілді.

Мектеп директоры

А.Н.Нұғман

Педагог-психолог

Б.С.Шонаева

